



## ІСКЕРЛІК пен ДИАЛОГ АЛАҢЫ ЕЛОРДАДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ИННОПРОМ. ҚАЗАҚСТАН» ӨНЕРКӘСІП КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

**Мемлекет басшысы Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларымен кездесіп, іттипат білдіре отырып, қазақ жерінде тұңғыш рет өткізіліп жатқан халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесіне қолдау көрсеткені үшін оларға ризашылық білдірді.**

— Сіздердің арнайы келгендеріңіз көрменің мәртебесін арттырғаны сөзсіз және тығыз сауда-экономикалық қатынастарымызды тағы бір рет дәлелдеді. Бүгінде аталған іс-шара тұрақты іскерлік алаңға айналып келеді. Бұл — қуанышты жайт. Көрме аясында әлеуетті серіктестер мен инвесторлар елдеріміздің индустриялық секторының жетістіктерімен жақынырақ танысады, сондай-ақ өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент атап өткендей, Қазақстан мен Ресей арасында сауда, инвестиция және өнеркәсіп салалары бойынша қарым-қатынас қарқынды жоғары екенін айтты.

Ресей компаниялары Қазақстанға тұрақты түрде инвестиция салып отырған бес негізгі елдің қатарына кіреді. Бүгінде Ресеймен бірлесіп, жалпы сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 40 ірі жоба жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы Беларусьпен арадағы қарым-қатынас туралы айта келе, ауыл шаруашылығы техникасын шығару және машина жасау салаларындағы тәжірибені оң бағалады. Бұл бағыттағы жобалардың жалпы құны — шамамен 180 миллион доллар.

Сонымен қатар, Қырғыз Республикасымен арадағы байланыстарымыздың тұрақты дамып келе жатқанына, өзара сауда-саттық қарқынды

жоғары екеніне назар аударған Мемлекет басшысы: «Жеті айда екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, 13 пайызға өсті. Қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен салудың келешегі зор, — деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік-транзит әлеуетін ашумен тікелей байланысты, сондықтан көлік қатынастарының мүмкіндіктерін дәйекті түрде дамыту керек деп санайды. Президент Иранға, Парсы шығанағына және Үндістанға шығуға мүмкіндік беретін Солтүстік — Оңтүстік транзит дәлізінің, Қазақстан — Түркіменстан — Иран теміржолының, Батыс Еуропа — Батыс Қытай бағытының мүмкіндіктері жөнінде айтты.

Сонымен қатар, Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетіне баса мән берді. Ол Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өнеркәсіп саласындағы ықпалдастығын дамыту маңызды екеніне тоқталды.

## ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Ұлылар ұлағаты: Төлегетай баба мен Қылышты ата» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар және білім алушылар қатысты.**

Шарада облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов тарихи тұлғалардың өмір жолына тоқталып, облыс әкімі Н.Нәлібаевтың конференция қатысушыларына құттықтауын оқыды. Жиын барысында ғалымдар халқымыздың мәдени және рухани мұрасының тағылымы туралы сөз қозғап, жаңашыл ой, тұшымды тұжырымдар жасады. Сонымен қатар, «Төлегетай баба» қоғамдық қорының президенті Дайрабай Ысқақұлы бабалар ерлігі мен еңбегін әр уақыта ұлықтап жүру керектігін айтты.

— Жаугершілік заманда, қиын кезеңдерде талай рулардың жойылып кеткен кезі де болған. Кейбірі сиреп, басқа да ұлыстарға қосылған. Қазіргі таңда бабалар

арманы орындалып, қазақ елі бірлігі мен ынтымағы жарасқан, бейбіт мемлекетке айналды. Сыр еліндегі республикалық ғылыми-танымдық конференцияның мақсаты — бабалар еңбегін ұлықтау. Қазақ қай шежіреден, ұлыстан, рудан болмасын әр уақыт еңбекті, бірлікті ту еткен, — деді Дайрабай Ысқақұлы.

Конференцияда мемлекет және қоғам қайраткері Мұхаммед Көпеев тың мәліметтермен бөлісті. Ал, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тұрсынхан Зәкенұлы «Орта ғасыр деректеріндегі Найман мемлекеті және оның күйреуі» тақырыбында, ҚР бас прокуратурасының өкілі

Кенжебек Әлқожаев «Орта ғасырлық Қазақстан (VII-XII ғ.ғ.): Ислам дінінің қалыптасуы және ханафи мазхабы теологтарының рөлі» тақырыбында, Қырғыз Республикасының жазушы-тарихшысы Мұса Сапаев «Молда Нияз — көчмөңдүк цивилизациясының тұлғасы» тақырыбында, «Кетбұқа-Төлегетай» халықаралық қорының «Шығыс Қазақстан өңірі тарихы мен мәдениетін балама зерделеу» жобасының жетекшісі Айбек Кәрімов «Қылышты қожа — Төлегетай баба ұрпақтары тағдырының сабақтастығы» тақырыбында, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD доктор Талғат Жолдасұлы «Қожа әулеттерінің Орталық Азия халықтарының тарихындағы орны: Сейіт Бұрханиддин Қылыш әулеті мысалында (XIII-XIX ғ.ғ.)» тақырыбында баяндама жасалды.

Ауқымды шара соңында қатысушылардың ұсынысы-пікірлері тыңдалып, сұрақтарына жауап берілді.

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

**ЖӘРДЕМАҚЫ  
ТӨЛЕМІНДЕ  
ҚАНДАЙ  
ӨЗГЕРІС БАР?**



2-бет

**КӨМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ  
ҚЫЛЫМЫСТЫҚ  
ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**



3-бет

**АИТВ-НЫҢ  
АЛДЫН АЛУ  
ШАРАЛАРЫ**

4-бет

## «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

аясында интерактивті каталог әзірленді

Мемлекет басшысының «Балалар әдебиеті» бағдарламасын жасау және жүзеге асыру туралы тапсырмасы аясында ҚР Оқуағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы балаларға арналған көркем әдебиеттің интерактивті каталогын әзірледі.

«Еліміздің білім беру ұйымдары үшін Bookfund жүйесі құрылды. Бұл қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдері мен жанрларын

қамтитын цифрлық форматтағы кітаптардың арнайы тізімі. Қазір бекітілген көркем әдебиет тізімі бойынша интерактивті каталогтарды енгізу жұмыстары жүргізілуде. Одан кейін пайдаланушылар өз аккаунты бойынша жүйеге тіркеліп, толық каталогпен таныса алады», — деп атап өтті Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының директоры Әлия Сәйдмәбаева.

«Ел тілегі» ақпарат

## КҮРІШ ОРАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Аймақта егін жинау жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес атқарылуда. Ерте егілген дақылдарды жинау толық аяқталды. Атап айтсақ, 4,3 мың гектар күздік бидайдан 7 мың тонна, 4,4 мың гектар жаздық бидайдан 3,2 мың тонна, 365 гектар арпадан 209 тонна өнім алынды. Майлы дақылдар бойынша, егілген 4,2 мың гектар мақсары, 64 гектар соя толық жиналды. Оған қоса 179 гектар күнбағысты жинау жалғасуда. Дәнді жүгері мен сүрлем жүгерінің өнімі көңіл қуантарлық.

Бүгінде картоптың 2,6 мың гектары (62,2%), көкөністің 6 мың гектары (92,4%), бақшаның 8,4 мың гектары қазылды. Ал малазықтық дақылдарды жинау жұмыстары жалғасуда. Әзірге 277,5 мың тонна жоңышқа тасымалданды. Қазіргі үшінші орымның 14,3 мың гектары орылды.

Мал азығы ретінде егілген 201 гектар асқабақтан мол өнім алынды.

Күріш егісінің суы байланып, негізгі дақылдың 44,1 мың гектары (49,5%-ы) орылды. Оның 34,3 мың гектары (77,9%-ы) бастырылып, 174,2 мың тонна өнім қамбаға құйылды. Орта өнім гектарына 50,8 центнерден келуде.

Шаруашылықтар есебіндегі 4239 техника түгелімен нақандық жұмысқа қатысуда. Қолда бар техникалар күрішті белгіленген мерзімде жинап алуға толық жеткілікті.

Күзгі егін жинау жұмыстарына 9,1 мың тонна және жем-шөп қорын жасақтауға қосымша 1,5 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Жанар-жағар маймен қамтамасыз ету кестеге сәйкес жүргізілуде.

Егін жинау жұмыстарын 10 қазанға дейін аяқтау жоспарланған.

## БАЛАБАҚШАҒА ЕСЕПKE АЛУ:

бірыңғай база құрылады

Үкіметте Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар үшін есепке алудың бірыңғай базасын құру, балабақшаларға кезекке тұруды автоматтандыру мәселесі де талқыланды.

Оны пилоттық режимде осы жылдың қазан айында іске қосу жоспарланып отыр, ал 2024 жылдың қаңтарынан бастап бүкіл республика бойынша қолданылады. Премьер-министр балабақшаға кезекке қою және кезекті жылжыту үдерісін толық цифрландыру оның ашықтығын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар, отырыс барысында жасанды интеллект технологияларын дамыту, мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа көшіру, мемлекеттік аппараттың негізгі үдерістерін цифрландыру, бизнес субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселелері қаралды. Бұл тексерулерді тағайындау кезінде адами факторды, сондай-ақ басқа да бірқатар мәселелерді болдырмауға мүмкіндік береді.

## 2024 жылдың I жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталды.

**«Ел Тілегі» газеті, «Жарасымды жанұя» журналы, «Білімді Ел – Қазақстан» республикалық журналдары еліміздің барлық өңірлеріндегі оқырмандарын асыға күтеді.**

**Бұл басылымдар еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Егер газетке жарнама, құттықтау, хабарландыру, еске алу, құжат жоғалту, жеке кәсіпкерлікті тоқтату жайлы хабарлама жариялау қажеттілігі туса, бізге хабарласыңыз!**

**Біздің байланыс телефонымыз: 27-85-75**



## ҮКІМЕТ ДӘРІГЕРЛЕРДІ ӨНДІРГЕ БАРУҒА ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ЖАҢА ӘДІСТЕР ӘЗІРЛЕМЕК

**Дәрігерлердің өңірлерге барып жұмыс істеуін ынталандыратын жаңа әдістер әзірлеу керек. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов айтты.**

«Тиісті кадрлармен, бірінші кезекте аса қажет мамандармен қамтамасыз ету үшін медициналық университеттер және колледж түлектерімен бірге тәжірибелі мамандарды да өңірлерге, әсіресе ауылдық жерлерге тарту мәселесін пысықтау қажет. Көріп отырғанымыздай, жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Ынталандырудың жаңа әдістерін әзірлеу керек», - деді Премьер-Министр.

Әлихан Смайыловтың дерегінше, денсаулық сақтау

объектілерін медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету көрсеткіші 84 пайыз құрайды. Олардың жартысынан көбі тозған. Сондықтан уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсету үшін өңір әкімдіктері медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін қолданыстағы нормативтерге сәйкес жабдықтауы қажет.

«Денсаулық сақтау саласын цифрландыру жұмыстарын күшейту керек. Бұл ретте, медициналық-санитариялық

алғашқы көмек объектілеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Өңір әкімдіктері Цифрландыру министрлігімен бірлесіп, аудандық деңгейден төмен денсаулық сақтау ұйымдарын жоғары жылдамдықты Интернетке қосу процесін тездетуі тиіс», - деді Үкімет басшысы.

Премьер-министр қажетті консультацияны жедел алу үшін телемедицина мен қашықтан қызмет көрсетуді ауылдарға дейін жеткізу қажеттігіне тоқталды.

«Аталған іс-шаралар тұрғылықты жері бойынша медициналық қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруға мүмкіндік береді», - деді Әлихан Смайылов.

## 32 ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНША ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ОРАЛДЫ

Биылғы жыл басынан 4,5 мың астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды. ҚазАқпарат бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап хабарлайды.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 4 575 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 111,1 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың тең жартысы (52,4%) – Өзбекстаннан, 19,3% – Қытайдан, 6,3% – Түрікменстаннан, 5,3% – Монғолиядан, 13% – Ресейден және 3,7% басқа елдерден келді. Олар негізінен Алматы (27,9%), Маңғыстау (13,9%), Түркістан (6,8%) және Жамбыл (5%) облыстарына, сондай-ақ Алматы (9,0%), Астана (11%) және Шымкент (6,5%) қалаларына

қоныстанды.

Осы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 69,1%, еңбекке қабілетті жастаң кішілер – 22,3% және зейнеткерлер 8,6% құрайды. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінде білім деңгейі бойынша 18,5% - жоғары білімді, 39,9% - орта кәсіби білімді, 36,7% - жалпы орта білімді және 4,8% білімі жоқ.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚҰЖАТ АЛАРДА САУСАҚ ІЗІН ТАПСЫРАДЫ

**2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап паспорт пен жеке куәлікті рәсімдеу кезінде азаматтардан саусақ ізі алынады. Дактилоскопиялық тіркеудің міндетті болатынын Ішкі істер министрлігінде өткен брифингте Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жанабаев айтты.**

«Дактилоскопиялық тіркеу – бұл саусақтардың папиллярлық үлгілерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы ақпарат алу. Міндетті дактилоскопиялық тіркеу елімізде 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. 12 жасқа дейінгі балалардан басқа, ҚР барлық азаматтары және Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер дактилоскопиялық тіркеуге жатады. 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар дактилоскопиялық тіркеуден ерікті негізде өтеді. Саусақ

іздерін алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлікті, паспортты, шетелдікті елде тұруға ықтиярхатты және азаматтығы жоқ адамның куәлікті рәсімдеуі кезінде жүргізілетін болады», - деді спикер.

Нұржан Жанабаевтың айтуынша, саусақ іздерін алу процесінен бас тартқаны жағдайда азаматқа Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 443-1-бабына сәйкес жаза қолданылады.

## ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР ЖАҢА МАМАНДЫҚ ИГЕРУДЕ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЗ департаменті №60 мекемесінде жазасын өтеп жүрген 100 азамат арнаулы білім алуда.

Білім алушылар арнайы тігінші, электргазымен дәнекерлеуші, аспазшы, автослесарь, слесарь-сантехник, ағаш ұстасы және поркет жұмыстарының шебері мамандықтары бойынша кәсіби сауатын арттырып, бостандыққа шыққаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие.

М.Ықсанов атындығы Қызылорда политехникалық колледжінде арнаулы пән оқытушысымын. Бұл мекемеде білім беріп жатқаныма үшінші жыл. Қазіргі білім алушылар автослесарь мамандығы бойынша білім

алып жатыр. Қазіргі таңда осы мамандық сұраныста. Біз қолдан келгенше үйретіп, тырысып жатырмыз. Білім алушылардың ынтасы, білімге құштарлығы жақсы. Сабақтан қалмай қатысып жүр - дейді колледж оқытушысы Төлегенов Қайрат.

«Автослесарь» мамандығы бойынша білім алып жатқан жазасын өтеуші мамандық игеріп қана қоймай, ай сайын шәкіртақы да алып тұрғанын айтады.

Қазіргі таңда №60 мекемеде жазамды өтеп жатырмын. Бостандықта оқи алмаған мамандығымды осы жакта оқып жатырмын. Алдағы уақытта осы мамандықпен жұмыс істеймін деп ойлаймын. Бірінші шәкіртақымды алып отырмын, - деді жазасын өтеуші.



## ҮНДІСТАНДЫҚ ЛОУКОСТЕР ДЕЛИДЕН АЛМАТЫҒА ӘУЕ РЕЙСІН АШТЫ

**Үндістанның IndiGo лоукостері Делиден Алматыға әуе рейстерін ашты, деп хабарлайды Азаматтық авиация комитетінің баспасөз қызметі.**

Азаматтық авиация комитеті халықаралық рейстер санын ұлғайту және ұшу географиясын тұрақты негізде кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде.

Ағымдағы жылдың 24 қыркүйегінде Үндістанның «IndiGo» лоукостері әуе компаниясы А-320 және А-321 типті әуе кемелерімен аптасына 3 рейс жиілігімен (сейсенбі, бейсенбі және сенбі) Дели-Алматы бағыты бойынша Қазақстанға тікелей жолаушылар рейстерін іске қосты. Дели мен Алматы қалалары арасындағы бірінші рейсте орташа коммерциялық жүктеме 69% құрады. Қазақстан мен Үндістан арасындағы рейстердің ұлғаюы елдер арасындағы сауда - экономикалық, іскерлік, инвестициялық, туристік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Айта кетейік, «IndiGo» - Үндістанның ең ірі төмен бюджеттік әуе тасымалдаушысы. 2006 жылдың тамызында құрылған. Әуе компаниясының парк сыйымдылығы 186, 222, 232 орындық және болатын 300-ге жуық А-320, А-321 және АTR-72 әуе кемелерінен тұрады. Бағыттардың жалпы саны – 104, оның ішінде 78 – ішкі, 26 – халықаралық бағыттар (Швейцария, Бельгия, Ирландия, Сингапур, Испания, Франция, Малайзия, Бахрейн, Венгрия, Бангладеш, Шри-Ланка, Дания, Гонконг, Непал, Португалия және т.б.).

Орлеандық өнертапқыш Лельевр 20-келілік Рi-Рор-ты «энергиялық саулықтың символы» деп атады. Қазіргі кезде Рi-Рор айына 100 велосипед шығаруда. 2024 жылға қарай компания өндірісті айына мың велосипедке дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

«2025 жылы біз еуропалық нарыққа шығу ниетіміз бар. Қазір қаржыландыруды тарту мүмкіндігін талқылап жатырмыз», - деді Лельевр.

Еуропада суперконденсатор орнатылған электрлік велосипедтер сегменті үшін жақсы перспективалар ашылды, себебі еуропалықтар 2024 жылды «велосипед жылы» деп жариялауды ұсынды.

## ЖАСТАРҒА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫН САТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНБАҚ

Елімізде 21 жасқа дейінгі жастарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынбақ. Бұл туралы Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният айтты.

«Саламатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында 452 саламатты өмір салты кабинеті, 4608 денсаулық мектебі, темекіге қарсы кабинет және 157 жастар денсаулық орталығы жұмыс істейді. Темекіні тұтынуды азайту үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап темекі өнімдеріне акциздің ставкалары көтерілді. Тұтынудың электрондық жүйелерінің (вейптер), олар үшін хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымына толық тыйым салуды енгізу бойынша Мәжілісте Заңға өзгерістер қарастырылды. 21 жасқа дейінгі адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салуды енгізу жөніндегі норманы талқылау рәсімі жүргізілуде», - деді министр.

Оның атап өтуінше, биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы іске асырылуда. Жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектісі пайдалануға беріледі.

«32 заманауи көпбейінді аудандық орталық аурухана ұйымдастырылады. Ауылдық денсаулық сақтау үшін 1100 медицина қызметкері даярланады. Ауылдық жерлердегі қолжетімсіздік мәселесі шешілетін болады. Сонымен қатар, соңғы жылдары 250 алғашқы көмек көрсету объектісі салынды», - деді Ажар Гиният.

## ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?



Облыстық еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон департаменті басшысының міндетін атқарушы Төрәхмет Жолымбетовтің берген мәліметінше, мұндай төлем алушылар саны 30 мың 800-ді құраған. Бала туған кезде төленетін жәрдемақының екі түрінің мөлшері де биылғы жылдың қаңтарынан бастап өскен. Айталық, бірінші, екінші және үшінші бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы өткен жылы 1-сәуірде

120840 теңгені құраса, жыл басынан бастап 131100 теңгені құрайды немесе 10260 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туғанда 217350 теңгеге немесе 17010 теңгеге артқан.

Ал, бала бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері биыл қаңтардан бастап бірінші балаға – 19872 теңге, екінші балаға – 23495 теңге, үшінші балаға – 27083 теңге, төртінші және одан да көп бала

туылғанда – 30705 теңгені құрайды.

Жыл басынан АЕК мөлшерінің ұлғаюына байланысты «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға төленетін ай сайынғы жәрдемақы артты. Бұған дейін облыс бойынша 16946 «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған ана 22080 теңге мөлшерінде бірдей жәрдемақы алатын. Кодекс қолданымға енгеннен бастап жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК дейін арттырылды. Биылғы шілдеден бастап облыс бойынша 6733 төлем алушыға жәрдемақы мөлшері қайта қаралып, оның мөлшері 25530 теңгені құрады.

Сонымен қатар, облыс бойынша көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны 34111 отбасы алады. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері 4 балаға – 55304 теңге, 5 балаға – 69138 теңге, 6 балаға – 82973 теңге, 7 балаға – 96807 теңге, 8 және одан көп балаға – 110400 теңге мөлшерінде төленеді.



## ЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барды. Жұмыс сапары барысында Мейрамбек Зинабдинұлы Жалағаш аудандық ауруханасының қызметімен, жаңадан орналастырылған медициналық құрылғылардың жұмысымен танысты. Бұл ретте ем алушы тұрғындар үшін сапалы және уақыттылы қызмет көрсету қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы «ID Senim» ЖШС-нің гемодиализ орталығының тұрғындар үшін сәтті жоба болғанын айтып, орталық жұмысына сәттілік тіледі.

Қазіргі таңда аудан халқына – аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12

дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет қызмет көрсетеді. Жалпы құны 102,0 млн. теңгені құрайтын «ID Senim» ЖШС-нің гемодиализ орталығы 11 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Орталықтың негізгі қызметі диализге және трансплантацияға дейінгі ауқымды қамтиды және бүйрек ауруын емдеуге негізделген. Бүгінде аудан тұрғындары гемодиализ орталығының игілігін көруде. Айта кетейік, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында республикалық бюджеттен 752,8 млн. теңге бөлініп, Мырзабай ахун және Есет батыр ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізілуде.



**Қылмыс – дегеніміз қылмыстық заңдармен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік, әлеуметтік дерт десек. Ал, жасөспірімдердің қылмыстығылы – аса үлкен дерт. Десекте кейбір ата аналар балам «кәмілет жасына» толмаған деп арқаны кенге салып, жауаптылықтан қашады. Қылмыстық жауапкершілік – кез-келген адамның істеген қылмысына жаза түріндегі, заң алдында міндетті жауап беруі. Ал, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі оларға қолданылатын қылмыстық заңдардың ерекшеліктерімен ерекшеленеді. ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» бөлімінің 80 бабы, 1 бөлігінде «Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқықбұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылатындығы көрсетілген.**

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Кәмелетке толмағандар қылмыстық құқықтың ерекше субъектілері болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет жасаған баланы сот жазадан босатқан кезде, тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану аясында, оларды арнайы оқу-тәрбие мекемесіне орналастыруы мүмкін. Шешім қабылдаған кезде судья әр жағдайда баланың өмір сүру деңгейіне мән береді. Баланың бос уақытын жәйт, елімізде 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Себебі олар өздерінің құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің нақты сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түсінбейді. Сонымен қатар, қылмыс жасаған баланың заңды өкіліне салынатын айыппұлдың мөлшері сотталушыны қалыпты өмір сүру үшін қажетті материалдық игіліктерден айырмауы керектігі ескеріледі.

Жазаның кез келген түрін тағайындау кезінде кінәлі тұлғаны қайта тәрбиелеуге баса назар аудару керек, өйткені заң шеңберіндегі жауапкершілікті күшейту қылмыс теориясындағы біркатар мәселелерді шешуде дәрменсіз. Айта кететін жәйт, елімізде 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Себебі олар өздерінің құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің нақты сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түсінбейді. Сонымен қатар, қылмыс жасаған баланың заңды өкіліне салынатын айыппұлдың мөлшері сотталушыны қалыпты өмір сүру үшін қажетті материалдық игіліктерден айырмауы керектігі ескеріледі.

Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігінің бір ерекшелігі – олар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он екі жылдан аспауы керек. Бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған ұл мен қыздар жазасын жалпы режимдегі тәрбие колонияларында өтейді. Бас бостандығынан айыруды өтеген жастар күшейтілген режимдегі тәрбие колонияларына жіберіледі. Бас бостандығынан айыру жазасы ауыр, аса ауыр қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандарға сондай-ақ, кейбір жағдайларда ғана ауырлығы аз және орташа қылмыстарға да тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру және өлім жазасы қолданылмайды.

Ерекше жағдайларда сот он сегіз бен жиырма жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға жеңілдетілген жаза қолдана алады. Мұндай ерекше жағдайларға психикалық, интеллектуалдық және психикалық дамудың ерекшеліктері, жетілу дәрежесі, жасөспірімдердің қылмыс жасау себептері сеп болады. Дегенмен әділ шешім шығару үшін судья сот-психологиялық, сот-психиатриялық және басқа да сараптама түрлерін тағайындауға құқылы.

Сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, ауырлығы аз немесе орташа қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған баланы жазадан босата алады. Бұл жағдайда қылмыстық жауапкершілік сотталмау фактісімен аяқталады және жаза тағайындалмайды. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмаған баланы мамандандырылған білім беру немесе емдеу-тәрбие мекемесіне орналастыру барысында, мұндай мекемелерде болу мерзімі жасалған қылмыс үшін көзделген ең жоғары жаза мерзімінен аспайды.

Кәмелетке толмағандардың істе рі жөніндегі мамандандырылған аудан аралық соттардың басты мақсаты «Отбасының тұтастығын сақтап қалу». Сондықтанда, кәмелетке толмаған тұлға қылмыс істегеннен кейін бірден бас бостандығынан шектелмейді. Бірінші кезекте оларға заңмен көзделген негізде мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Кәмелетке толмағанның бос уақытын шектеу белгілерін қолдану арқылы оларды қайта тәрбиелеуге болады. Мысалы, баланың белгілі бір орындарға баруына тыйым салу, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуды шектеу, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге шығуын шектеу шаралары заңмен көзделген. Себебі, бұл шаралар кәмелетке толмағандарға алдымен зиянсыз және олардың қадір қасиетін төмендетпейді. Егер,

кәмелетке толмағандарға жасалатын тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын бұзған немесе орындамаған жағдайда бұл шараның күші жойылып, материалдар бұрын жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін сотқа жіберіледі.

ҚР ҚК 81-бабында, кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның 6 түрі көрсетілген. Заңмен белгіленген жауаптылық негізінде жазаның басы белгілі бір қызметпен айналысу құқығынанайыру болса, ең соңғы шешімі баланы қоғамнан оқшаулау яғни, бас бостандығынан айыру болып табылады.

Статистикаға көз жүгіртсек, Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылдың 12 айында 29 қылмыстық іс 39 адамға қатысты қаралды. Үкім шығару арқылы 17 іс 23 адамға қатысты, оның ішінде 15-сі кәмелетке толмаған. Тағайындалған жазаларға тоқталар болсақ, 2022 жылы шартты түрде бас бостандығынан 3 адам, бас бостандығынан 2 адам айырылды, 17 адам бас бостандығынан шектелді, оның ішінде 10-ы кәмелетке толмағандар.

Бас бостандығынан шектеу тағайындалған қылмыстық іске тоқталсақ, кәмелетке толмаған сотталушы С. үйдің алдына келіп, кәмелетке толмаған жәбірленуші К. ұялы телефонына қоңырау шалып, көшеге шығарып алып, өзімен бірге алып шыққан жиналмалы пышағымен жәбірленуші кәмелетке толмаған К. кіндік аймағы мен оң жақ санынан бір мәрте сұғып алып, жәбірленушіге ауыр дене жарақатын салып, оқиға жерден бір тасалаған. Жәбірленуші К. басты сот талқылауында сотталушы С. кешірім беретінін, өзара тағуласқанын көрсеткен.

Алайда, сотталушы мен жәбірленуші татуласқанымен сотталушыға ҚК-нің 68-бабының талабы қолдануға жатпайды. Себебі, сотталушы С. қылмыстық әрекетінен жәбірленуші К. денсаулығына ауыр зиян келген.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның 37-бабының «әу-тармақшасына сәйкес ешбір баланың бас бостандығынан заңсыз немесе еріксіз айырылудың қамтамасыз етеді. Қамауға алу, ұстау немесе түрмеге жабу заңға сәйкес жүргізіледі және соңғы шара ретінде ғана, неғұрлым тиісті қысқа мерзім ішінде қолданылуы қамтамасыз етеді деп көрсетілген.

Сот сотталушы К. жаза тағайындау барысында жәбірленуші К. бұрын сотталушы К. ұрып-соққандығын ескеруге жатады деп санады. Сотталушы С. осындай ауыр қылмыс жасауына жәбірленуші К. бұрын жасаған іс-әрекеті себеп болған деп көрсеткен.

Сот, жазаның түрі мен мөлшерін тағайындағанда сотталушы С. қылмыстық жауаптылық пен жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескеріп, қылмысының сипаты мен қоғамдық қауіптілігін, кәмелетке толмағанның, әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру, сондай-ақ оны түзеу және оның тарапынан жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатына жеткілікті және негізді деп, сотталушының бұрын сотты болмағанын, қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, кінәсін толығымен мойындап шын ниетпен өкінгенін, оны қоғамнан оқшауламай бас бостандығын шектеу жазасын тағайындауға толық негіз бар деп сот есептеді.

ҚК-нің 55 бабының 2-бөлігінде жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлатын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрін мерзім немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің:

- 1) қылмыстық тирылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – жартысынан;
- 2) ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен;
- 3) аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен асыруға жолмайтыны

көрсетілген. Сотталушыға жаза тағайындау барысында ҚК-нің 55 бабының 2-бөлігінің талаптары қолданылуға жатады.

ҚК-нің 81 бабының 6-бөлігіне сай кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу жазасы екі жыл мерзімге тағайындалатыны бекітілген. Сондықтан сотталушы С. тағайындалатын бас бостандығын шектеу жазасы бір жыл төрт айдан аспауы керек.

2022 жылғы Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен сотталушы С. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106 бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды. ҚК-нің 44-бабына сәйкес сотталушы С. 1 жылға пробациялық бақылау белгіленіп, сотталушыға мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырмау, ойын сауық орындарына бармау, сағат 22:00-ден таңғы 06:00-ға дейін тұрғылықты жерінен шықпау, уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз өзі тұратын ауданнан басқа жерлерге бармау міндеті жүктелді. Сотталушы С. пробациялық бақылау белгіленген мерзімі ішіндегі жүріс тұрысы мен мінез құлқына бақылау жүргізу Қызылорда облысы, Арал аудандық пробация қызметіне жүктелді.

Сотталушы С. ҚР ҚК-нің 44-бабының 3-бөлігіне сай тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасын қасқойлықпен жаттарған жағдайда, бас бостандығынан шектеудің өтелмеген мерзімі дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылатыны бойынша түсіндірілме жүргізілді.

Қазақстан Республикасында қабылданған заңдар мен құқықтық актілер еліміздің Конституциясына кайшы келмеуі керек екендігін тайға таңба басқандай атап өтуіміз қажет. Азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары әр адамға туғаннан бастап тиесілі. Конституциямыздың негізінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тек конституциялық құрылыстың негіздерін, адамгершілікті, денсаулықты, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғана шектеуге мүмкіндік береді.

Расында кәмелетке толмағандардың қылмысы қазіргі кездегі ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ол жас ұрпақтың физикалық және рухани болмысына теріс әсер етеді және осылайша қоғамның дамуын тежейді. Әлемнің кейбір елдерінде кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот ісін жүргізудің әртүрлі баламады әдістері ұсынылады. Ал елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық мәселелер өз шешімін толық таппаған. Алайда, кәмелетке толмағандарға қатысты мамандандырылған соттардың құрылуы мен қызметі жоғарыда аталған мәселенің толық шешілгендігін білдіреді. Жасөспірімдердің қылмысы бұл үлкен институт. Сондықтан да кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі білікті заңгерлердің егжей-тегжейлі арнайы зерттеуінің тақырыбы болып табылуы тиіс. Қылмыстық жазаны тағайындаудың басты мәні – кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды түзету және қайта тәрбиелеу. Алайда, олардың болашақта қандай жолды таңдайтынын ешкім нақты айта алмайды. Сондықтанда біз олардың болашағына сеніммен қарауымыз қажет. Бұл мемлекеттік мәжбүрлеу органдарының құзырындағы ғана мәселе емес, сол үшін бүкіл жұртшылықпен белсенді алдын алу қызметін жүргізу мәселесін бірінші орынға қоюға ықпал етуіміз қажет.

**А.САБЫРОВ,**  
**Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы**

## АЛТЫН ЖҮЛДЕНІ ИЕЛЕНДІ

Информатика пәні бойынша жасөспірімдер арасындағы ең беделді олимпиададан С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім инновация» лицей-интернатының 9 сынып оқушысы Мансұр Мамадаханов алтын жүлдені иеленді. Бұл European Junior Olympiad in Informatics (EJOI) олимпиадасына 24 мемлекеттен 96 оқушы қатысқан. Әлемнің үздіктерін басып озып, алғырлығымен дараланған сырбылшы өрен Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында байқаудың қалай өткені жайында айтты.

- 7 сыныптан бастап информатика пәніне қызығушылығым артты. «Білім инновация» лицей-интернатына түскелі біраз уақыттың осы пәнге арнадым. Екі жыл бойы тереңдетілген сабақтарға қатысып, лагерьлерге бардым. Грузия мемлекетінің Кутаиси қаласында өткізілген жетінші Еуропалық жасөспірімдер олимпиадасында

қажырлы еңбектің нәтижесін көрсете алдым деп ойлаймын, - деді жеңімпаз атанған Мансұр Асхатұлы.

Мансұр Асхатұлын олимпиадаға дайындаған С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім инновация» лицей-интернатының информатика пәнінің мұғалімі Батыр Жарқынұлы оқушысының жетістігі жайлы айтты.

-Бұл олимпиада Еуропа елдерінен келген жас бағдарламашылар арасындағы байқау болып табылады. Жарыс информатика бойынша халықаралық олимпиаданың (IOI) ережелері мен форматы бойынша өтеді. Осы жылы Қазақстаннан 4 оқушы барды. Барлығы жүлделі оралды. Алтынды менің оқушым алса, екі күміс пен бір қоланы басқа өңірдің оқушылары иеленді. Біз бұл олимпиадаға алғаш рет қатысқан жоқпыз. Өткен жылы да қатысып, күміс жүлдені қанағат тұтқан едік, - деді Батыр Жарқынұлы.

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Дзюдо күресінен Кармакшы ауданында 2010-2011, 2011-2012, 2013-2014 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасында «Жалын» спорт клубы және «Достық Жер МК» ЖШС-нің жүлдесіне арналған III Республикалық турнирі өтті.

Негізгі мақсаты – жастарға отансүйгіштік және патриоттық тәрбие беру болып табылады. Жарыста күреспен айналысатын 600-ге жуық спортшылар бағын сынады. Ауданның намысын қорғап 52 кг салмақта дәрежесінде II орын алған Мұқашева Дарина Нұрболқызын ерекше атап айтуға болады. Дені сау ұрпақ ұлттың келешегі дейтін болсақ, осындай спорттық шаралар жасөспірімдердің кәсіби деңгейін күреске деген қызығушылықтарын арттыра түсері сөзсіз.

### ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Төрөбай би ауылы тұрғындарымен кездесуде аудан басшысы Жандос Еркінбекұлы атқарылған істермен бөлісіп, алдағы міндеттерді баяндады. Быыл Төрөбай би ауылындағы Байшораұлы көшесінен №20-ТВ техникалық су ұңғымасын бұрғылауға облыстық бюджеттен, ауылдағы балалар және спорттық алаңның құрылғыларын орналастыру, Жеңіс, Байшораұлы көшелеріне орташа жөндеу мен жарықтандыру жұмыстары аудан бюджетінен қаржыландырылған. Мұнан бөлек, елді мекенді қоғалдандыру үшін аяқсу жіберу жұмыстарына бюджеттен қосымша қаржы қарастырылды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Қамыстыбас ауылдық округі, Қамыстыбас елді мекені, Қамыстыбас көшесінің тұрғындары!

2023 жылдың 30 қазаны күні сағат 11.00-де Қамыстыбас елді мекеніндегі Қамыстыбас көшесінде жергілікті қоғамдастықтың, яғни көше тұрғындарының қатысуымен жиналыс өткізілетіндігін хабарлайды.

Жиналыстың күн тәртібінде: Шүйіншалы Оспановтың есіміне Қамыстыбас елді мекенінен көше атауын беру. «Қамыстыбас ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

### БІРНЕШЕ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Жалағаш ауданы әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте кәсіпкерлікті дамыту, құрылыс саласында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер және санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, кент және ауылдық округ әкімдеріне жыл аяғына дейін жүзеге асырылуы жоспарланған жобаларды толық іске қосу қажеттігі айтылды. Аудан әкімі ең алдымен құрылыс жұмыстары жүріп жатқан нысандардың мерзімінде пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Жеке инвестиция есебінен салынуы жоспарланған тұрғын үй немесе нысандардың ескіздік жобасын заңдылыққа сәйкес жүргізу ескертілді.

### ТҮРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Сырдария аудан әкімі Берік Сәрменбаев «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кезекті жеке қабылдауға аудан әкімі аппаратының басшысы, бөлім басшылары мен Тереңөзек кенті әкімі қатысты. Қабылдауда баспанаға қол жеткізу, тұрақты жұмысқа тұру, кәсіпкерлік мақсатта жер алу мәселелері көтерілді. Аудан басшысы азаматтардың арыз-шағымдары мен ұсыныстарын жеке-жеке тыңдап, айтылған мәселелер заңдылық тұрғысынан шешімін табатынын жеткізді. Сондай-ақ, тұрғындар мәселесі бойынша бөлім басшыларына тапсырмалар берді.

Қазақстанда 12 мыңнан астам бала аутизмге ұшыраған. Соңғы уақытта «Цифрлық аутизм» деген «сырқат» пайда болды. Әлемде бұл дерт жайлы айтылып жүргеніне 10 жылдай болған. Мұндай балалар сөйлей алмайды, ойын жеткізе алмайды. Тіпті, қатарларымен ойнай да алмайды.

## VIRTUAL AUTISM - ҒАСЫР ДЕРТІ



«Осыдан 15 жыл бұрын бұндай дүниені мүлдем естіген жоқпыз. Біз студент кезде іс-тәжірибеден өткен кезде мұндай балаларды біз көрмейтін де едік. Тек Астана емес бізде бүкіл Қазақстан бойынша күніне 70-75 бала келеді. Өзі тұрақты келіп отыратын балалар», - дейді психолог, логопед Бақытгүл Насеридинқызы.

Мамандар мұның себебін телефон, планшет секілді гаджеттерден көреді. «Виртуалды өтіп кеткен балалар оларда физиологиялық тұрғыда көруі нашарлайды, дене тұрғысы дұрыс қалыптаспайды. Бала дайын нәрсені көріп отырады. Ойланбайды. Ойланбағаннан кейін оларда логикалық ойлау, аналитикалық ойлау бұлардың бәрі дамымайды. Адамдарды бірте-бірте түкбилместікке алып келеді», - дейді психология ғылымдарының докторы, профессор Балабек Сақтағанов.

Осыдан 5 жыл бұрын АҚШ Үкіметі бір қызық эксперимент бастаған. Оған елдің әр түкпірінен 9-10 жас шамасындағы 11 мың бала қатысады. Ұлттық денсаулық институтының ғалымдары осылайша гаджеттердің жас ағзаға зиянын анықтағысы келеді. Құны 300 миллион доллар болатын сынақ 10 жылға жоспарланған. Әзірге белгілісі мынау: 4500 баланы тексерген. Сөйтсе, 7 сағаттан артық телефонға телмірген жасөспірімнің ми қыртысы жұқарған. Әдетте бұл егде жастағы адамдарда болатын құбылыс. Цифрлық аутизм ағылшын тілінде «virtual autism» деп келеді. Бұл термин 2013 жылы пайда болды. 10 жылға жуық аутист балалармен жұмыс істеген румын психологы Мариус Теодор Замфир алғаш қолданған. Кейін Франция, Жапония, АҚШ, Тайланд, Тунис дәрігерлері де румын маманына ұқсас пікір білдіреді. Яғни тәулігіне 4 сағаттан артық телефон қараған баланың бойында аутизмнің белгілері пайда болады дейді.

Бірақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «Цифрлық аутизм» деген дертті растамаған. Мұндай сырқатты Аурулардың халықаралық тізімінен де таппайсыз.

«Цифрлық аутизм» терминінің шығу төркіні де осында дейді мамандар. Яғни сипаттамасы шынайы аутизмнің белгілеріне ұқсайды.

- Бала ата-анамен тактильді байланысқа түспейді;
- Үш жасқа дейін сөйлемейді;
- Жалғыздықты жақсы көреді;
- Қоршаған ортамен байланысудан бас тартады;
- Оғаш қимылдар жасайды;

«Бала дүниеге келгеннен кейін 3 жасқа дейін ойлауы дамиды, сөйлеуі дамиды. Бала сұрақ қойғысы келеді, сөйлегісі келеді. Бірақ оған жауап беретін тек қана телевизор, телефон», - дейді психолог-логопед Бақытгүл Насеридинқызы.

Ата-ана көбіне баласы үш жасқа жеткенде барып дабыл қағады. «Тілі кеш шықты, атын атасаң қарамайды» деп шағымданады дейді логопед маман. Егер бала үш жасқа дейін телефонмен өссе, ол

адамның үніне емес, гаджеттердің дыбысына ғана машықтанады екен.

Алайда дәрігерлер үш жасқа дейін бала сөйлеуді, жүруді, қарым-қатынасты үйренсе жеткілікті дейді. Ал әлеуметтік желідегі артық ақпаратпен жас миды толтырудың салдары ауыр екенін айтады. «Бала көп уақыт сол жерде өткізгендіктен ол балада организмде дофомин дейтін нейромедиатор бөлінеді. Ақпаратты қабылдағанда содан бала рақат алады. Сөйтіп ол әдетке айналады, әдет тәуелділікке алып келеді», - дейді невролог Әсел Арапбаева.

Ата-аналардың басым көпшілігі уақыттың тығыздығынан телефон беруге мәжбүрміз деп ақталады. Бірақ бұл қоғамда қалыптасқан таптаурын түсінік дейді психолог Балабек Сақтағанов. Әрі ересектердің өзінде телефонға тәуелділік бары жасырын емес.

«Сонғы 3-4 жылда ата-аналар 8 жастан 15 жасқа дейінгі балаларды өте көп алып келеді. Бір өзі қалуға қорқалды, адамдармен араласпайды, тамаққа тәбеті жоқ... Егер осындай сипаттағы балалармен дер уағында жұмыс істемес, ол балаларда ересек болғанда фрустрация пайда болады. Фрустрация деген ол іштей өз-өзіне ренжу, іштей айналадағы қоғамға ренжу. Егер ол фрустрация жалғаса беретін болса, бала стресске түседі, стресс дер уақытында анықталып емделмесе, депрессияға өкеледі. Депрессияның аяғы қайғылы оқиғалармен аяқталып жатады...», - дейді психология ғылымдарының докторы, профессор Балабек Сақтағанов.

Қытай мектептері 1 сыныптан мектеп бітіргенше шейін балаға телефон ұстатпайды. Ұстаздары жинап алады. Ата-ана да мейлінше баланың бос уақыты қалмауын қадағалауға тырысады.

«Алғашқы жылдары балада 2-3 жасқа дейін гаджеттерді тежеу керек. Тіпті көрсетпеу керек. Одан кейін 5 жасқа толған кезде келісімге келіп смартфонды күніне 3 мезгіл 15 минуттан беруге болады», - дейді невролог Әсел Арапбаева.

Тағы бір кеңес: ұйықтардан 1 сағат бұрын мүлдем гаджет қарамаған абзал. Себебі әртүрлі сигналдар баланың сенсорлық жүйесін қоздырып, ұйқысын бұзады. Жалпы, баланың қолынан телефонды тартып алып қою мәселені шешімі емес. Мұндай әрекеттен олардың мінез-құлқы бұзылады. Қазіргі уақытта үлкен қалаларда қай мектептерде болса да көптеген тегін үйірмелер бар.

Момын баланы футбол, волейбол, баскетбол секілді командалық үйірмелерге берген жөн. Ал, гипербелсенді бүлдіршіндерді миды тынықтыратын шахмат, суда жүзуге қатыстыра болады. Баланың энергиясын дұрыс бағытқа жұмсауды үйрену керек дейді психологтар. Тағы да мамандардың кеңесіне жүгінесек, ата-ананың баламен өткізген уақытының көлемінен бұрын, сапасы маңызды. Әрі кез келген жастағы адамға ең керекті тек махаббат пен мейірім екенін естен шығармаған жөн.

### МӘМС

## АУЫЛДЫҚ АУРУХАНАҒА ИНСУЛЬТ немесе ИНФАРКТПЕН ТҮСКЕН ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ӨМІРІН ҚАЛАЙ АРАШАЛАП ҚАЛАДЫ

**Қазалы көпсалалы орталық аудандық ауруханасында жыл басынан бері жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастарға үш жүзден астам ота жасалды. Ангиографтың арқасында аурулар ерте кезеңде анықталып, жоғары технологиялық оталар жасалды. Инфаркт, инсульттің алғашқы белгілері қандай, пациенттер қалай аман қалғанын рентгенэндоваскулярлық бөлімшесінің меңгерушісі Кенесары Баспаевпен сұхбаттасы барысында толық ақпарат алдық.**

- 2019 жылдың қыркүйек айында Қазалы аудандық ауруханасында ангиограф арқылы алғашқы ота жасалды. Кенесары Айтуғанұлы, қанша пациентке ота жасалды және бұл диагностикалық құрал-жабдық ауыл тұрғындарына қаншалықты сұранысқа ие?

- Менің ойымша, медицинадағы ең маңызды ереже - жеделдік. Егер пациентке уақтылы медициналық көмек көрсетілсе, оның өмірін сақтап қалуға, мүгедектікке жол бермеуге болады. Бұл тұрғыда жақын маңдағы елді мекендердің (Қазалы, Арал, Қармақшы аудандары және Байқоңыр қаласы) тұрғындарына қызмет көрсететін ангиографтың көмегі зор. Бұған дейін пациенттер облыс орталығына, Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларына жіберілген болатын. Олар бірнеше ай бойы өз кезегін күтетін. Өкінішке орай, жоғалған уақыттың салдарынан науқастардың денсаулығы да нашарлап, аймақта инфаркт пен инсульттан өлім-жітім деңгейі жоғары болды.

Негізгі ангиограф Қазалы ауданында орнатылған? Мәселен, облыс орталығынан Әйтеке би кентіне (аудан орталығы) дейінгі қашықтық 300 шақырымнан асады, жол жүру уақыты - 4 сағат. Қызылорда – Арал бағытының ұзындығы 450 шақырым, автокөлікпен - 5 сағат. Егер пациент Қазалы аудандық ауруханасына жеткізілсе, уақыт небәрі 1 сағатты алады. Қармақшы ауданы Жосалы кентінен қалаға дейінгі қашықтық шамамен 170 шақырым, жол жүру уақыты – 1,5 сағат. Бізге науқас 50 минут ішінде жетеді.

2019 жылы рентгенэндоваскулярлық бөлімнің ашылуының бірінші жылында ангиографта 87 ота жасалды. 2020 жылы әлемде пандемия өршіп тұрған кезде 216 пациентке, 2021 жылы - 300 – ге жуық, 2022 жылы – 361 адамға медициналық көмек көрсеттік. Ағымдағы жылдың 9 айында 316 ота жасалды. Жалпы 2019 жылдан бері 1200-ден астам адамның өмірі сақталды. Оталардың негізгі үлесі - коронарография және стенттеу. Мамандарымыз А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми орталықта дайындықтан өтіп, көпсалалы облыстық ауруханада тәжірибе алмасып келгенін атап өткізіп келеді.

- Медицина саласында «алтын сағат» ұғымы бар. Дәл осы уақыт аралығында ең тиімді медициналық көмек және пациенттің өмір сүру мүмкіндігі жоғары. Шұғыл медициналық көмек қалай көрсетіледі?

- Мамандарымыздың кәсіби шеберлігі мен ангиографтың арқасында кәсіби жедел медициналық көмек көрсетеміз. Егер науқастың бет келбеті қисаюы байқалса, басы өте қатты ауырса, жүрек айнуы, құсу, қолы қимылсыз қалса, мұның бәрі инсульттің белгілері. Алғашқы 2 сағат ішінде қан ағымын қалпына келтіруге, қан ұйғыштарын жоюға бағытталған тромболитикалық терапия жүргізіледі. Біз инсульттің өршу кезеңінде медициналық көмек көрсету хаттамасына сәйкес әрекет етеміз. МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне, сондай-ақ, АИТВ, туберкулез, қатерлі ісіктер және т.б. қатар жүретін ауруларға қарамастан барлық пациенттерге шұғыл медициналық көмек көрсетеміз. Егер науқас отаға келісім бере алмаса, туыстарынан сұраймыз.

Жедел инфарктпен пациентті қабылдағанда жедел жәрдем мамандары ЭКГ жасап, бізге науқастың жағдайы туралы хабарлайды. Біз пациентті күтіп алуға дайын тұрамыз. Инфаркттің белгілері: жүрек аймағында шаншу, арқаға, иыққа, қолға, мойынға, төменгі жаққа беру, сондай-ақ ауа жетіспеушілігі, суық тер, жүрек айнуы. Сонымен қатар, инфаркттың тағы бір белгісі - іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну (эпигастрий). Көбінесе инфаркт бейсенбі мен сенбі күндері болатын үрдісті байқап жүрміз. Жедел инфарктпен ауыратын науқастардың саны айтарлықтай азаюда. Егер 2019-2020 жылдары жоғарыда аталған солтүстік аудандардың ерқайсысынан ай сайын жедел миокард инфарктпен 8-9 адам түссе, бүгінгі таңда жоспарлы коронарографияның арқасында науқастардың саны 2-3 адамға дейін азайып отыр.

**- Жоспарлы медициналық көмек МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтар үшін қолжетімді. Отаға қарсы көрсеткіштері қандай?**

- Жоспарлы ем Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жүргізіледі. Егер тиісті көрсеткіштер болса, емхананың

емдеуші дәрігері пациентті зертханалық талдаулар тапсыруға, консультациялық-диагностикалық қызметтерден өтуге жібереді. Осыдан кейін ғана науқас аурухананың кардиологиялық немесе инсульт бөліміне жатқызылады. Бірқатар қарсы көрсеткіштері бар. Мысалы, науқаста әртүрлі дәрежедегі анемия, ЖРВИ, тыныс алу жеткіліксіздігі, асқазан-ішек жолдарының ойық жаралы зақымдануларының болуы және т.б. бір сөзбен айтқанда, өршу кезеңінде барлық созылмалы аурулар.

Айта кетейік, МӘМС жүйесі аясында қымбат жоғары технологиялық оталарды жасаймыз. Мысал келтірейін. Стенттеу құны – 1,5 миллион теңгеден астам, коронарография – 400 мың теңгеге жуық. Сақтандырылған азаматтарға бұл медициналық қызметтер тегін көрсетіледі.

2022 жылы Қазалы көпсалалы орталық аудандық ауруханасында 8 792 адам ем алды. Осы мақсаттарға әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 1,2 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Биыл 1,8 миллиардтан астам қаражат қарастырылған.

**- Байқоңыр қаласынан Қазалы аудандық ауруханасына дейін автокөлікпен 1 сағаттық жол. Ресей Федерациясының құзырындағы бұл қаланың тұрғындары сізге жүгінеді. Ресейлік ұйымдарда жұмыс істейтін ҚР азаматтарына медициналық көмекті қалай көрсетесіз?**

- Байқоңыр қаласының аумағында 2 стационар бар. Бұл Байқоңыр қ. көпсалалы аурухана және ресейлік аурухана (ФГБУЗ ЦМСЧ №1 ФМБА РФ). Байқоңыр қаласының көпсалалы ауруханасында тек бастапқы медициналық-санитарлық көмек және медициналық оңалту қызметтері көрсетіледі. Төтенше жағдайларда ресейлік ұйымдарда жұмыс істейтін ҚР азаматтарында сақтандыру полисі болғандықтан, ресейлік ауруханаға жеткізіледі.

Қазақстандық медициналық сақтандыру жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесін алу және біздің стационарда жасауы медициналық көмек алу үшін МӘМС жарналарын дербес төлеуші ретінде төлеу қажет. Тағы да айта кетейін, шұғыл медициналық көмекті барлық азаматтарға тегін көрсетеміз. Біз бұл пациенттерді қабылдауға дайынбыз. Бірақ ресейлік ауруханада жоғарыда аталған пациенттерді жедел жәрдеммен тасымалдау қарастырылмаған. Осы күрделі мәселені шешеді деп үміттенеміз. Өйткені, Гиппократқа ант берудің этикалық принциптерінің бірі - науқасқа көмек көрсету міндеттемесі. Біз әрқашан пациенттердің денсаулығы мен өмірін қорғауға дайынбыз!

**- Сұхбатыңызға рақмет!**

## АИТВ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

АИТВ - (адамның имунно тапшылығының вирусы немесе ВИЧ-вирус иммунодефицита человека) ЖИТС- (жұқтырылған имунно тапшылығының синдромы, немесе СПИД - синдром приобретенного иммунодефицита) қазіргі уақытта ғасыр дертіне айналып отыр, және жылдан жылға ғасыр дертінің өсу үрдісі байқалады.

Әлем ғалымдары АИТВ-жұқпасына қарсы тиімді дәріні жасауға жұмыстар жүргізіп біршама жетістіктерге жеткенімен, бірақ ауруға қарсы нақты екіге табылған жоқ.

Қазіргі күнге эпидемиологиялық жағдай: 2023-ші жылдың маусым айының 30-на Республика бойынша өспелі көрсеткіш бойынша барлығы 52533 АИТВ жұқпасы тіркелген, оның ішінде: ҚР азаматтары-49286, шетел азаматтары-2734. 2023-ші жылдың алты айында Республикада 2083 АИТВ жұқтырған тіркелген, соның ішінде ҚР азаматтары-1988, бтытырғы осы мерзіммен салыстырғанда 75 жағдайға өскен, ал облыс бойынша бтылтыр 24 болса, биыл 26 адам тіркеліп, 2 жағдайға өсіп отыр.

Өсу үрдісімен 2023 жылдың 30-шы маусымына Қызылорда облысында барлығы 316 адам тіркелген. Қызылорда қаласынан 141 тіркеліп отыр. Бұл ауру жасқа да, әлеуметтік статуска да қарамайтыны сонымен қатар соңғы бес айда 11 жағдай тіркеліп отырғаны алаңдатарлық жағдай. Осыған орай мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында барлық деңгейдегі лауазым иелерінің, жауапты мамандардың аурудың алдын алуда, тұрақтандыруда, ерте анықтауда кәсіби жауапкершілігін арттыруды

қажет етеді.

АИТВ Мынадай жолдармен жұғады: 1- қан арқылы:

- АИТВ жұқтырған донордың мүшесін я болмаса тіндерін салдыру кезінде немесе қан құю кезінде;

- есірткіні тамырға салу үшін ине мен шприцтерді бірлесіп пайдалану кезінде;

- медициналық амалдарды стерильденбеген құрал-жабдықтармен атқарған кезде;

- татуаж және пирсинг аспаптарын стерильденбеген күйде бірлесіп пайдаланған кезде жұғады.

- біреудің қырыну заттары мен тіс шетқаларын да пайдалану арқылы жұғуы мүмкін.

2. Жыныстық қатынас арқылы.

Статистикалық көрсеткіштер жыныстық жол негізгі жұғу жолы екенін көрсетіп отыр.

ЖИТС адамдарға 80-90% жағдайында жыныстық қатынас кезінде жұғады.

3. АИТВ жұқтырған жүкті әйелден, туу кезінде және емшек сүті арқылы емізген кезде балаға жұғады.

АИТВ-ны жұқтырып алмас үшін не істеу керек?

- Қандай да бір қаннан бойындызды аулақ ұстаның;

- есірткіге, оның ішінде, СПИД жұқтыру қаупі жоғары тамыр арқылы егіп түрлеріне жоламаныз;

- некесіз, кездейсоқ кез-келген жыныстық қатынастан аулақ болыңыз, мүшеқап пайдаланыңыз.

АИТВ-инфекциясы қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды проблемасы болып

қалып отыр.

Қазақстанда АИТВ-инфекциясының таралу деңгейі төмен және тұрақты деп есептеледі, дегенмен жоғарыдағы нақты эпидемиологиялық деректер АИТВ-инфекциясының одан әрі таралуын дәлелдейді. Жыл сайын анықталатын жағдайлардың саны төмендемей, Қазақстанда эпидемияның дамуы әлемдегі барлық елдердегідей, жыныстық жолмен жұқтыру жағдайларының артуымен сипатталады. Осы ауруға ұшырап отырғандардың дені жастар, 67 пайызын 17-39 жастағыларды және жұмысқа қабілетті = адамдарды құрап отыр.

Сондықтан да АИТВ/ЖИТС-ті болдырмау үшін профилактикалық іс-шараларды насихаттау шараларын өткізуге, ақпараттану деңгейін арттырумен, сауаатты өмір салтын жарнамалаумен, есірткіден және кездейсоқ сексуальдық байланыстардан бас тарту, тұрақты серіктесінң денсаулығы туралы қамқорлық жасаумен жалғасуға тиіс. Жұқтырылған ауруды емдеуге қарағанда, АИТВ-ны жұқтырудан сақтану анағұрлым пайдалы және тиімді екенін баршамыздың білгеніміз жөн. ЖИТС ОО-ның

Шіелі аудандық филиалында АИТВ-ға тексеретін жасырын тәстілеу кабинеті жұмыс жасайды, осы кабинет арқылы АИТВ-ға тегін тексеріліп өзінді толғандырған сұрақтарға жауап алуға болады. СЕҢІМ ТЕЛЕФОНЫ: 8-724-32-4-32-88

**Жұлдыз ПЕРНЕБАЕВА,**  
**Шіелі филиалы ИФА**  
**зертханасының дәрігері**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор**  
**Сыдықова**  
**Жанар**  
**ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы**  
**Жабаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның**  
**мекен-жайы:**  
**Қызылорда қаласы,**  
**Байтұрсынов**  
**көшесі 46/36**  
**Телефон:**  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №224**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**